

2016 жылғы Риддер қаласының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 1152 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 07 желтоқсанда № 4256 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 313 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 21.04.2016 № 313 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5 бабына, 7 бабы 2) тармақшасына сәйкес, Риддер қаласының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2016 жылға Риддер қаласының аумағында тұратын халықтың келесі нысаналы топтары анықталсын:

- 1) табысы аз адамдар;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп балалы ата-аналар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
- 7) мүгедектер;
- 8). Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;

9). бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;

10) оралмандар;

11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;

12) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;

13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар;

14) ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемейтін адамдар;

15) 50 жастан асқан азаматтар;

16) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын бітірушілер;

17).басым кәсіптер (мамандықтар) бойынша кәсіптік оқытуды аяқтаған, Жұмыспен қамту 2020 жол картасының қатысушылары;

18) халықты жұмыспен қамту туралы заңнамысына сай, кәсіптер (мамандықтар) бойынша кәсіптік оқытуды аяқтаған жұмыссыздар.

19) нашақорлыққа тәуелділіктен емдеу және оңалту курстарынан өтен тұрғалар.

2. "Риддер қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі, "Риддер қаласының жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) халықтың нысаналы топтарына жататын адамдарды уақытша жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдасын;

2) халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың жұмысқа орналасуына көмек көрсету қамтамасыз етілсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Риддер қаласы әкімінің орынбасары Қ.Қ. Теленчиновке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Риддер қаласының әкімі

Ж. Мұратов